**Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 975 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

3. Орталық мемлекеттік органдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) басшылары, жергілікті атқарушы органдар:

1) Іс-шаралар жоспарын орындау жөнінде шаралар қабылдасын;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 975 қаулысымен мақұлданған

**Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру**

**тұжырымдамасы 1-бөлім. Белгілі бір аяны, саланы (салаларды) дамытуды пайымдау 1. Ағымдағы жағдайды талдау**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 969 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 — 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары» атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасына сәйкес, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру саласындағы негізгі іс-шаралардың бірі ретінде экономиканың көлеңкелі секторының көлемін қысқарту мақсатында жеке тұлғалардың кірістерін жалпыға бірдей декларациялауға кезең-кезеңімен көшіру көзделді.

Осы Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру тұжырымдамасы жалпыға бірдей декларациялауға көшіру мақсаттарын, міндеттерін, кезеңдерін, сондай-ақ негізгі бағыттары мен тетіктерін егжей-тегжейлі қарастырады.

Қазақстанда жеке тұлғалардың кірістерінен және мүлкінен алынатын салық ставкаларының жеткілікті дәрежеде төмен екендігіне қарамастан, салық төлеуден жалтару ауқымы айтарлықтай күйінде қалып отыр. 2008 жыл ішіндегі ресми статистика деректерін талдау көрсеткендей, Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлғалар кірістерінің шамамен 50%-ына салық салынбайды.

Қазақстан Республикасындағы шағын бизнестің, бағалы қағаздар нарығының, жылжымайтын мүлік нарығының дамуы жеке табыс салығы түріндегі бюджет түсімінің барабар өсуіне әкелген жоқ. 2008 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасында бюджет кірісінің негізгі көзі корпоративтік табыс салығы (Ұлттық қорды есепке ала отырып, мемлекеттік бюджет кірістерінің 43%-ы шамасында) болып қала береді, ал жеке табыс салығының түсімдері болмашы үлесін ғана (Ұлттық қорды есепке ала отырып, мемлекеттік бюджет кірісінің 6%-ы) құрайды. Бұл ретте дамыған елдердің бюджеттері негізінен жеке тұлғалардан алынатын салықтардан қалыптасады. Атап айтқанда, жеке табыс салығының түсімі шоғырландырылған бюджетте АҚШ-та - 60 %, Ұлыбританияда, Швейцарияда, Швецияда - 40 %, ЭЫДҰ елдерінде орта есеппен - 30 %, ал табыс салығы сияқты жалпы базадан алынатын әлеуметтік сақтандыру жарналарын қоса алғанда - 55 % құрайды.

Одан басқа, нарықтық экономиканың дамуы төлем көзінен салық ұсталмайтын және заңнама бойынша жеке тұлғалардың дербес мәлімдеуіне жататын жеке тұлғалардың кірістері көлемінің ұлғаюын негіздейді, бұл өз кезегінде, мемлекет тарапынан мұндай кірістердің толық көрсетілуіне тиімді бақылау ұйымдастыруды қажет етеді.

Сонымен бірге салық салу және салық салудан жалтаратын адамдарды әшкерелеу мақсатында жеке тұлғалар кірістерінің көрсетілуіне барлығын қамтитын бақылауды қамтамасыз ету қиынға соғып тұр, өйткені қазіргі кезде кірістер туралы декларацияны

және мүлік туралы мәліметті республика халқының болмашы бөлігі ғана (Қазақстан Республикасы азаматтарының 3,8%-ы) табыс етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту мақсатында жеке тұлғалардың кірістеріне салық салуды толық ауқымды әкімшілендіру мәселесін шешуге арналған маңызды шарт халықтың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау болып табылады.

Осыған байланысты салықтар жинаудың толықтылығын қамтамасыз ету және көлеңкелі экономикаға қарсы тұру құралы ретінде жалпыға бірдей декларациялауға көшу бойынша тұжырымдамалық «қадамдар» әзірлеу қажет.

## 2. Жалпыға бірдей декларациялауға көшудің мақсаты мен міндеттері

Жалпыға бірдей декларациялауға көшудің мақсаты көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкіне тиімді бақылау жүйесін құру, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейту болып табылады.

Жалпыға бірдей декларациялауға көшуді қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер :

жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің әдістемелік негіздерін әзірлеу және оларды заңнамалық қамтамасыз ету;

жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауға және өңдеуге мемлекеттік органдарды дайындау бойынша іс-шаралар жүргізу;

кірістер мен мүлікті декларациялаудың халық үшін анағұрлым қолайлы рәсімін жасау;

жалпыға бірдей декларациялауға көшу мәселелері бойынша халықты кең ауқымда ақпараттандыру;

декларацияны толтыру және табыс ету бойынша халыққа мемлекет тарапынан әдістемелік көмек көрсету;

жеке тұлғалар декларациясын тиімді камералдық бақылау жүйесін құру болып табылады.

## 3. Тұжырымдаманың орындалу кезеңдері және іске асырылуынан күтілетін нәтижелер

Жалпы жалпыға бірдей декларациялауға көшу 7 жыл ішінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте жалпыға бірдей декларациялауға көшу шеңберінде мемлекет тарапынан 2013 жылы декларацияларды қабылдауға дайындық толық қамтамасыз етіліп, декларацияларды жасау және табыс ету рәсімі анағұрлым қарапайым және қолайлы болуы үшін алдымен (2010 - 2013 жылдар аралығында) дайындық іс-шаралары жүзеге

асырылады.

Осылайша, жалпыға бірдей декларациялауға көшу мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады:

1-кезең (2010 - 2011 жылдар аралығында): жалпыға бірдей декларациялауға көшудің әдістемелік негіздерін айқындау және жалпыға бірдей декларациялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады;

2-кезең (2012 - 2013 жылдар аралығында): 2014 жылдың басында декларацияларды қабылдаудың толық дайындығы қамтамасыз етілетіндей, заңға бағынысты жекелеген нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауға, өңдеуге және талдауға мемлекеттік органдарды техникалық жабдықтау, декларация табыс ету мерзімінің басталғаны туралы халықты хабардар ету жүйесін құру және декларация жасау және табыс ету бойынша мемлекет тарапынан әдістемелік көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады;

3-кезең (2014 - 2015 жылдар): мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет үлесі бар компаниялар қызметкерлерінің декларация тапсыруы жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте 2014 жылы аталған жеке тұлғалар бастапқы декларация тапсыратын болады. 2014 жыл ішінде көрсетілген ұйымдарға жаңадан қабылданған тұлғалар жұмысқа қабылданған кезде бастапқы декларацияны тапсыратын болады, ал 2014 жыл ішінде бастапқы декларацияны тапсырған тұлғалар 2015 жылы олардың аталған ұйымдарда жұмысын жалғастырып жатырма ма, жоқ па оған қарамастан, 2014 жылдың қорытындылары бойынша кезекті декларацияны тапсыруға тиіс.

Көрсетілген кезең ішінде (2014 - 2015 жылдар) салық органдары табыс етілген декларацияларды пилоттық қабылдау және өңдеу жүргізеді. Бұл ретте 2015 жылы декларацияларды пилоттық қабылдау және өңдеу барысында алынған іс жүзіндегі нәтижелер негізінде бақылау жүргізу үшін қажетті мәліметтердің толықтығы мәніне декларация құрамын талдау, сондай-ақ декларацияларды қабылдау, өңдеу, камералдық бақылау, декларацияларды тексеруге іріктеу бойынша рәсімдердің тиімділігіне талдау және жетілдіру мақсатында бұл рәсімдерге пысықтау жүргізілетін болады;

4-кезең (2016 жыл): бастапқы декларацияны қалған барлық жеке тұлғалардың табыс етуі. Мемлекеттік органдар көрсетілген кезеңде жалпыға бірдей декларациялау кезінде пайдаланылатын мәліметтер бөлігінде өздерінің дерекқорларын жаңартуға тиіс, салық органдары жеке тұлғаларға декларация табыс ету кезінде әдістемелік көмек көрсетуі тиіс.

5-кезең (2017 жыл): жалпыға бірдей декларациялауға толықтай көшу, яғни барлық жеке тұлғалар декларация табыс етуге міндетті болады. Көрсетілген кезеңнен бастап жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін тұтастай қамтитын салықтық бақылау қамтамасыз етіледі.

Осы Тұжырымдаманы іске асыру:
көлеңкелі экономикаға қарсы тұруға;
мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне;
салық базасын кеңейтуте және жеке табыс салығының бюджетке түсімін арттыруға;
қылмыстық іздестірулердің тиімділігіне;
Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің салықтық мәдениетін арттыруға ықпал ететін болады.

Жалпыға бірдей декларациялауға көшу жеке тұлғаларды салықтық әкімшілендіруді 100 пайызға қамтуға мүмкіндік береді, бұл жеке тұлғалардың салықты толық төлеуін қамтамасыз етеді, нәтижесінде жеке табыс салығы бойынша бюджет түсімдерінің ең төменгі өсімі 10 пайызды құрайтын болады.

## 4. Әлемдік практиканың оң тәжірибесіне шолу

Жалпыға бірдей декларациялау халықтың нақты табыстарын салықтық бақылау мен көлеңкелі экономикаға қарсы тұру құралы ретінде көптеген елдерде, оның ішінде дамыған елдерде қолданылады. Атап айтқанда, жалпыға бірдей декларациялау АҚШ, Германия, Франция, Швеция, Финляндия, Дания, Австралия, Чехия, Жаңа Зеландия, Сингапур, Швейцария, Чили сияқты елдерде енгізілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттің қажеттіліктерін тез арада қанағаттандыру үшін жоғарыда аталған елдердің көпшілігі (Франция, Сингапур мен Швейцарияны есептемегенде) жалпыға бірдей декларациялаумен қатар жалақы төлеуді жүзеге асыратын жұмыс берушіні салық агенті ретінде анықтап, төлем кезінен жеке табыс салығын ұстап қалу тетігін қолданады.

Декларацияларды жинау мәселесіне қатысты декларацияларды қабылдау мен өңдеу бойынша жұмыстар АҚШ салық органдарының құрамына кіретін декларацияларды қабылдау мен өңдеудің бірыңғай орталығында (ДӨО) шоғырланған АҚШ тәжірибесін қолдану мақсатқа сай болып көрінеді. ДӨО негізгі функциялары мыналар:
декларацияларды қағаз тасығыштарда да, электронды түрде де қабылдау;
декларацияларды өңдеу (магниттік тасығыштан электрондық түрде тапсырылған декларацияларды оқу, сканерлеу және қағаз тасығыштағы декларацияларды тану);
декларацияларда көрсетілген мәліметтерді жеке тұлғаларға табыстарын төлеуді жүзеге асыратын салық агенттерінен алынған ақпаратпен салыстыру;
декларациялардың өңдеу нәтижелерін аумақтық салық органдарына оны әрі қарай әкімшілендіруге жіберу.

Декларацияларды өткізудің қарбалас кезеңдерінде ДӨО салық органдарының қызметкерлері болып табылмайтын маусымдық жұмыскерлер еңбегін тартады.

АҚШ-тағы барлық жеке тұлғалар декларацияларының бірыңғай декларацияларды өңдеу орталығында қабылдануы мен өңделуін шоғырландыру мынадай

артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

жалпы бюджеттік қаржыны өнімдеумен қатар ДӨО жоғары техникалық жабдықтау;

ДӨО қызмет жасайтын қызметкерлердің жоғары біліктілігі;

декларацияларды сапалы және оперативті өңдеу;

табыстар мен мүліктерді салыстыру жүргізудің бірыңғай әдістемесі;

декларацияларды тексеру кезінде тәуекелдерді басқарудың бірыңғай жүйесін қолдану және айырмашылықтар айқындалған декларациялардың көшірмесін аумақтық салық органдарына жіберу;

декларациялар ДӨО сақталуында қалдырылатындықтан, салық құпиясының сақталуы үшін барынша жағдайлардың жасалуын қамтамасыз ету.

Жалпыға бірдей декларациялау кезінде мемлекеттік қызмет көрсету ретінде скандинавтік елдер мен Чилиде декларацияларды алдын ала толтыру процедурасы қолданылады, бұл дәйекті түрде мынадай әрекеттерді жүргізуді білдіреді:

үшінші тұлғалардан (оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардан) алынған жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктері туралы мәліметтердің негізінде жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктері туралы деректер қоры құрылады;

деректер қорының негізінде салық органдарымен жеке тұлғалардың декларацияларын алдын ала толтыру жүзеге асырылады;

салық органдарымен алдын ала толтырылған декларациялардың жеке тұлғаларға таратылуы жүзеге асырылады;

жеке тұлғалар табыстар мен мүліктер туралы мәліметтерді растайды немесе алдын ала толтырылған декларацияда көрсетілген мәліметтермен келіспеген жағдайда табыстар мен мүліктер туралы нақты мағлұматтарды мәлімдейді.

Қазақстандағы жалпыға бірдей декларациялауға көшу салықтардың жиналуын жоғарылату және көлеңкелі экономикаға қарсы тұру мақсаттарын көздейтінін ескере отырып, Тұжырымдаманы іске асыру кезінде алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені, оның ішінде жалпыға бірдей декларациялауды салықтық әкімшілендіру мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеуге дейін салу қажет.

## 2-бөлім. Белгілі бір аяны, саланы (салаларды) дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері

2010 - 2011 жылдар ішінде жалпыға бірдей декларациялауға көшудің әдістемелік негіздері пысықталатын болады. Соған байланысты:

1) жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларация табыс ету міндеті таралатын адамдар тобын айқындау қажет. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандар, соның ішінде балалар үйлеріндегі, интернаттардағы, қамқорындағы, толық емес отбасыларындағы, ата-аналары ажырасқан отбасыларындағы кәмелетке толмағандар үшін декларацияны қалай толтыру және табыс ету керектігі айқындалатын болады;

2) жалпыға бірдей декларациялауға көшумен байланысты жеке табыс салығын есептеген кезде салық шегерімдерін қолдану тетігі декларацияны табыс ету кезінде тікелей салық төлеушімен жүзеге асырылуы мүмкін болатындықтан, жеке табыс салығын салу мақсатындағы салық шегерімдерінің тізбесі мен мөлшерін қайта қарау қажет. Бұл ретте табыстың есепке жазылуының әрбір айы үшін ең төменгі жалақы мөлшеріндегі стандартты салық шегерімдерімен қатар, төлеуге жұмсалған шығыстар бойынша мынадай әлеуметтік салық шегерімдерін қолдану мүмкіндігі қаралатын болады:

декларантқа және оның асырауындағы адамдарға көрсетілген білім беру қызметтері (соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту);

декларантқа және оның асырауындағы адамдарға көрсетілген медициналық қызметтер;

тұрғын жай кредиттері немесе жеке құрылыс үшін жер учаскесін сатып алуға кредиттер бойынша сыйақылар.

Бұл ретте мұндай шегерімдерді қолдану бойынша бастапқы мән айқындалатын болады;

3) бастапқы декларацияның мазмұнын, оның ішінде декларацияда көрсетілуге тиіс жеке тұлғалар мүліктерінің, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүліктерінің тізбесін айқындау қажет. Бастапқы декларацияда — «фотосуретте» нақты бір күнге жеке тұлғаның барлық мүлкі, соның ішінде дебиторлық және кредиторлық берешегі туралы мәліметтер тіркеледі. Бұл ретте жеке тұлғалардың кірісі мен мүлкінің әрбір түрі бойынша салық қызметі органдарына мәліметтер беретін мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың тізбесі, сондай-ақ мұндай мәліметтерді беру тәртібі айқындалатын болады. Бұл мәліметтерді салық органдары жеке тұлғалардың декларациясын алдын ала толтыру кезінде, сондай-ақ бұл декларацияларға камералдық бақылау жүргізу кезінде және тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану кезінде пайдаланады;

4) кезекті декларацияның мазмұнын, оның ішінде декларацияда көрсетілуге тиіс жеке тұлғалар кірістері мен мүліктерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі кірістері мен мүліктерінің тізбесін айқындау қажет.

Кезекті декларацияда көрсетілетін мәліметке қатысты күнтізбелік жыл ішінде алынған барлық кірістерді көрсетуді көздей отырып, қазіргі кезде қолданыстағы салық салуға жататын кірістерді көрсету қағидатынан ауытқу қажет, сондай-ақ кезекті декларацияда қандай мүлік бойынша мәліметтер көрсетілетінін айқындау қажет;

5) шаруа және фермерлік қожалықтарға арналған арнаулы салық режимдерін алып тастау бөлігінде жеке тұлғаларға салық салу тәртібін қайта қарау қажет.

Бұл ретте жекеше нотариустар мен адвокаттарға арналған патент, оңайтылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимдерін, жекелеген салық салу тәртібін

реформалау мәселесі қаралатын болады;

6) салық органдарының декларацияны алдын ала толтыруының (бұдан әрі - алдын ала толтыру) тәртібін айқындау қажет.

Алдын ала толтырудың мәні мемлекеттік органдары мен басқа да заңды тұлғалар берген жеке тұлғаның кірістері мен мүліктері бойынша мәліметтер негізінде салық органдарының декларацияны толтыратынын және оны тұрғылықты жері бойынша сондай жеке тұлғаға немесе декларацияны электронды түрде толтыруға және салық органына жіберуге мүмкіндік беретін «Салық төлеушінің кабинетіне» жіберетіндігін білдіреді.

Жеке тұлға осындай декларациядағы ақпаратқа сүйене отырып, онда көрсетілген ақпаратпен не келіседі, не өзінің мәліметтерін көрсете алады.

Бұл ретте, егер жеке тұлға алдын ала толтырылған ақпаратпен сәйкес келмейтін өзінің мәліметттерін көрсеткен жағдайда, салық тексеруі кезінде жеке тұлғалардың осындай мәліметтерді растау тетігі айқындалатын болады.

Сондай-ақ есептелген мүлік, жер салығы және көлік құралы салығы сомалары туралы жеке тұлғаларды хабарландыру бойынша бюджет шығыстарын оңтайландыру мақсатында мұндай хабарландыруды алдын ала толтырылған декларацияда көздеген жөн. Ол үшін есепті кезең ішінде жер салығын, мүлік, көлік құралдары салықтарын төлеу міндеті алып тасталады және есепті кезең өткеннен кейін жеке тұлғалардың мұндай салықтарды жеке тұлғаның салық салу объектісіне нақты ие болып отырған кезең туралы деректер негізінде есептеуіне және төлеуіне көшу жүзеге асырылады.

Бұдан басқа салық салу мақсатында жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау тәртібі айқындалатын болады;

7) декларацияларды салық органдарымен электрондық құжат алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісім жасасқан жеке тұлғалар үшін «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы қол жеткізу мүмкіндігін қоса бере отырып, Интернетке бір мезгілде орналастыра отырып, оларды алдын ала толтырып, жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша жеткізу тәртібі айқындау қажет. Бұл ретте мұндай декларацияны жеткізу жеке тұлғалар үшін ақысыз болу керектігін қарастыру қажет. Осыған байланысты осындай жеткізу бойынша почта ұйымының шығыстарын мемлекеттің өтеуі мүмкіндігін көздеу қажет.

Бұл міндетті іске асыру үшін «Жеке тұлғалар», «Заңды тұлғалар», «Мекен-жай тіркелімі», «Жылжымайтын мүлік тіркелімі», «Бірыңғай мемлекеттік жер кадастры» мемлекеттік дерекқорларын, көлік құралдарын тіркеу (есептен шығару) бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың дерекқорларын және БСАЖ жаңарту қажет;

8) жеке тұлғалардың уақытша тұрғылықты жерінде тұрмайтын жекелеген санаттарына декларацияларды алдын ала толтырыла отырып, жеткізу, сондай-ақ осындай тұлғалардың декларацияны толтыру және жіберу тәртібін айқындау қажет. Атап айтқанда, мұндай тәртіп мынадай жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының

азаматтары үшін әзірленеді:

декларацияны Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінен тапсыруға жағдай жасалатын шетелдегілер;

әскери қызметтегілер - әскери қызметін өту орнынан;

бас бостандығынан айыру орнындағылар - түзеу мекемелерінен;

9) жеке тұлғалардың декларацияны табыс етуі тәртібін айқындау қажет. Бұл ретте мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің сақталуын және құпиялығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы қызметтер қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары қызметінің жедел іздестіру субъектілерінің декларация табыс етуінің ерекше тәртібі көзделетін болады. Сондай-ақ салық төлеушілердің уәкілетті өкілдерінің, оның ішінде салық консультанттарының әрекетке қабілетсіз адамдарды қоса алғанда, жеке тұлғалар үшін декларацияларды толтыру және табыс ету тәртібі айқындалатын болады.

Декларацияны почта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен табыс ету баламалық мүмкіндігін сақтай отырып, декларацияны табыс етудің өзі келіп тапсыру тәсілінен салық органдары мен әкімдіктерде «салық төлеушілердің терминалдары» желісін дамыту арқылы оны көбіне электронды түрде табыс етуге көшуге жағдай жасалатын болады. Ол үшін декларацияны электронды түрде толтыру және салық органдарына жіберу мүмкіндігін беру мақсатында жеке тұлғаларға және декларацияны толтыру және табыс ету бойынша халыққа қызмет көрсететін тұлғаларға криптографиялық кілттер беру тәртібі айқындалатын болады;

10) халықты жалпыға бірдей декларациялау мәселелері бойынша ақпараттандыру, декларацияны толтыру, табыс ету және жеке тұлғалардың салықтарды төлеу бойынша көмек көрсету тәсілдерін айқындау қажет.

Атап айтқанда, жеке тұлғаларды декларация табыс ету мерзімінің басталғаны туралы тұрғылықты орны бойынша қалалық телефондарына автоматтық дауыстық хабарламалар арқылы, ұялы телефондарға СМС хабарлама түрінде, бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландырулар беру арқылы алдын ала ақпараттандыру жүйесі қарастырылатын болады.

Декларацияларды жасау және табыс ету бойынша халыққа көмек көрсету тәсілдері ретінде декларацияларды жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленетін болады, бұл ретте мұндай әдістемелік ұсынымдар жеке тұлғалардың тегін пайдалану мүмкіндігі үшін салық қызметі органдарының сайтында орналастырылуы тиіс бағдарламалық қамтамасыз ету түрінде іске асырылатын болады, салық органдарын салық төлеушілерге тегін тарату үшін декларация бланкілерімен және оларды жасау бойынша әдістемелік ұсынымдармен қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ декларацияларды жасау және табыс ету бойынша бағдарламалар циклы құрылады және Call-Орталықтарының жұмысы кеңейтілетін болады. Бұдан басқа, халыққа білікті көмектің қажеттілігін ескере отырып, декларация жасау және табыс ету бойынша халыққа қызмет көрсететін сертификацияланған салық консультанттарының

институтын дамыту үшін жағдай жасау бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Салықтарды төлеу бойынша қолайлы жағдай жасау бөлігінде алдын ала толтырылған декларациямен бір мезгілде жеке тұлғаға жіберілетін салықтарды төлеуге төлем құжатын автоматты түрде жасау мүмкіндігі болады.

Бұдан басқа банкоматтар, веб-киоскілер, банкинг, терминалдар арқылы салықтарды төлеу бойынша веб-сервисті дамыту көзделетін болады, сондай-ақ Хабарламалармен жұмыс бойынша салық органдары орталықтарының (бұдан әрі - Орталық) жұмыс Регламенті әзірленеді.

Орталықтың негізгі функциясы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған салық берешегінің бар екендігі және (немесе) бұзушылықтардың бар екендігі туралы ақпараттандыру бойынша халыққа қызмет көрсету болады. Бұл ретте жеке тұлғалардың мұндай ақпаратты Орталыққа телефон соғу арқылы алу мүмкіндігі қарастырылатын болады. Мәліметтердің құпиялығын сақтау қажеттігін ескере отырып, жеке тұлғаның Орталыққа телефон соғу арқылы жүгінген жағдайда сәйкестендіру тәртібі көзделетін болады;

11) сканер арқылы декларацияда көрсетілген ақпаратты оқу және тану тәртібін қамтитын декларацияны қабылдау және бастапқы өңдеу тәртібін айқындау қажет. Бұл ретте мұндай жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында декларацияларды қабылдау және өңдеу салық қызметі органдарының құрамына кіретін бір немесе екі декларацияны өңдеу орталығында (ДӨО) шоғырландырылады. Мұндай ДӨО декларацияларды қабылдау және бастапқы өңдеу жұмыстарымен қатар декларацияларды камералдық бақылау, сондай-ақ оларды салық тексеруін жүргізу үшін іріктеу рәсімдерін жүзеге асыратын болады. Бұған ДӨО жоғарғы техникалық жарақтандыру, декларацияларды техникалық өңдеу үшін мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын қызметкерлерді тарту, жеке тұлғалардың кірістері мен шығыстарын салыстырудың бірыңғай әдістерін қолдану, салық тексеруі үшін декларацияларды іріктеу кезінде бірыңғай тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану, декларация мәліметтерінің құпиялығын сақтау арқылы қол жеткізуге болады. Осыған байланысты 2011 жылы осындай ДӨО саны, олардың орналасатын орны айқындалатын болады, ДӨО жұмыс Регламенті әзірленеді, 2012 жылы олардың құрылысы бойынша, ал 2013 жылы оларды техникалық жарақтандыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі;

12) салық органдарының ақпараттық жүйелерін және мемлекеттік дерекқорларды дамыту негізінде жалпыға бірдей декларациялау мақсатында ақпараттық жүйенің жұмыс жасау архитектурасы мен тәртібін айқындау қажет. Бұл тәртіп мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің салық органдарының ақпараттық жүйелерімен ( БСАЖ, СТжСО, СЕӨЖ) ақпараттық жүйеаралық өзара іс-қимыл және синхрондау мәселелерін қамтитын болады, бұл өзара іс-қимыл мәліметтерді тікелей беруге негізделетін болады;

13) декларацияларда көрсетілген мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету тәртібін

айқындау қажет. Бұл тәртіп ДӨО-да техникалық жұмысты жүзеге асыратын, мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын қызметкерлердің декларацияда көрсетілген мәліметтерді жария етпеу міндеттемесін өз мойнына алу бойынша рәсімдерді және мәліметтерді жария еткені үшін жауапкершілік шараларын, аталған тұлғалардың ақпараттық жүйелерде сақталатын декларациялардың мәліметтеріне қол жеткізуінің мүмкін болмауын қамтамасыз ету бойынша рәсімдерді қамтитын болады. Сондай-ақ қағаз тасығыштарда сақталған декларациялардың мәліметтерін сақтау және оларға қол жеткізілімді бақылау тәртібі көзделетін болады;

14) кірістер мен мүлік деклациялары бойынша камералдық бақылау жүргізу тәртібін айқындау қажет, оның мәні мынаны білдіреді. Жеке тұлғаның кірістер және мүлік бойынша декларациясында көрсетілген мәліметтер:

камералды бақылау үшін мәліметтер беретін мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардың мәліметтерімен;

осы жеке тұлға бұрын табыс еткен кірістер және мүлік бойынша декларациялардың мәліметтерімен динамикада;

осы жеке тұлға табыс еткен басқа да декларацияларының мәліметтерімен;

осы жеке тұлғаның контрагенті болып табылатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар табыс еткен декларациялардың мәліметтерімен салыстырылатын болады.

Анықталған алшақтықтар бойынша шешім қабылдау мақсатында, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану үшін оларды одан әрі пысықтау рәсімі әзірленетін болады;

15) тәуекелдерді басқару жүйесін айқындау және салық тексеруі үшін кірістер және мүлік бойынша жеке тұлғалардың декларацияларын іріктеу тәртібін әзірлеу қажет;

16) жеке тұлғалардың кірістер және мүлік бойынша декларацияларына камералдық бақылауды жүзеге асыратын салық органдарының қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау қажет;

17) шетелдік көздерден жеке тұлғаның кірістерін (шетелдік қор биржаларында құнды қағаздарын, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан мүлікті өткізуден түскен өсім, жалға беруден түскен кіріс) және жеке тұлғаның шетелдегі мүлкін бақылау әдістері мен рәсімдерін айқындау қажет;

18) жеке тұлғаның кірістер және мүлік бойынша декларацияларына салық тексеруін жүргізу тәртібін айқындау қажет;

19) декларацияны табыс ету (табыс етпеу) кезіндегі бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті, соның ішінде жауапкершіліктің қандай бұзушылықтар үшін туындайтынын, мұндай жауапкершіліктің мөлшерін және әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларын қолдану тәртібін айқындау қажет;

20) ол бойынша бұрын салық төлеуші салық міндеттемесін орындамаған мүлікке

қатысты салық міндеттемесін орындау тетігін айқындау қажет.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Жалпыға бірдей декларациялауға көшу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс Тобы (бұдан әрі — ВЖТ) құрылатын болады.

Аталған мәселелерді ВЖТ-да талқылау қорытындылары бойынша 2011 жылдың 4-тоқсанынан кешіктірілмей тиісті нормативтік құқықтық актілердің жобалары әзірленетін болады.

Сондай-ақ 2011 жылдың ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден алған және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасы азаматтарының кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді алу мақсатында халықаралық шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) ақпарат алмасу жөніндегі жаңа халықаралық шарттар жасасу бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

2012 жылдан бастап мемлекеттік органдарды жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауға және өңдеуге техникалық дайындау, сондай-ақ халыққа декларация жасау және табыс ету бойынша ақпарат беру және көмек көрсету бағдарламаларын іске асыру жөнінде іс-шаралар жүргізілетін болады.

Бұл ретте техникалық дайындау жұмысын жүргізу шеңберінде салық органдарының Есептеу орталығы құрылатын болады, оның функциясы:

салық органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін әзірлеу, жаңғырту, сүйемелдеу және енгізу;

ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және жүргізу;

басқа мемлекеттік органдардың автоматтандырылған жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

ақпараттық есептеу қызметтері;

бағдарламалық құралдарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне сертификаттау;

телекоммуникациялық жүйелерді және кешендерді, телефонияны, жергілікті есептеу орталықтарын және электр желілерін әзірлеу, жобалау, құру және монтаждау;

ақпараттық жүйелердің ТМД елдерінің салық ведомстволарының автоматтандырылған жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

салық органдарының және басқа да ұйымдардың қызметкерлерін құрылған ақпараттық жүйелермен жұмыс жасауға үйрету болып табылады.

Сондай-ақ 2012 - 2013 жылдар ішінде барлық салық декларацияларын қабылдау және өңдеу бойынша салық органдарының міндеттері шоғырланатын ДӨО құрылады және техникалық жарақтандырылады.

Бұдан басқа, бұл кезеңге салық органдарының жұмыстарына жалпыға бірдей декларациялауға көшу мәселелері бойынша халыққа буклеттерді, әдістемелік ұсынымдарды, брошюраларды ақысыз тарату арқылы ақпараттандыруды қоса алғанда, халықты қоғамдық ақпараттандыру жұмыстары да кіреді.

2014 жылдың басында жалпыға бірдей декларациялау мәселесі бойынша мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық жүйелерін дайындау жұмысы аяқталады. Бұл ретте мемлекеттік органдар кейінгі кезеңдер ішінде де мәліметті беру регламенттерінің және беріп жатқан мәліметтердің өзектілігінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Кейінгі үшжылдық кезең ішінде (2014 - 2016 жылдар) жеке тұлғалардың декларацияларын пилоттық қабылдау және өңдеу, жалпыға бірдей декларациялау бойынша рәсімдерді және ақпараттық жүйелерді пайдалану және пысықтау жүргізілетін болады.

2017 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялауға көшу толық жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда аталып кеткен іс-шаралар Қазақстан Республикасында салықтық әкімшілендіруді жетілдірудің 2010 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

## 3-бөлім. Ол арқылы тұжырымдаманы іске асыру болжанып отырған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Осы тұжырымдаманың іске асырылуы мына нормативтік құқықтық актілер арқылы көзделіп отыр:

мемлекеттік органдарды жеке тұлғалардың декларацияларын қабылдауға және өңдеуге дайындау, табыстар мен мүліктерді декларациялаудың халық үшін барынша ыңғайлы рәсімдерін жасау, жалпыға бірдей декларациялауға көшу мәселелері бойынша халықты кең ауқымда ақпараттандыру, декларацияларды жасау және табыс ету бойынша мемлекет тарапынан халыққа әдістемелік көмек көрсету, жеке тұлғалардың декларацияларын камералдық бақылаудың тиімді жүйесін құру бойынша іс-шаралар жүргізу міндеттерін іске асыру «Қазақстан Республикасында салықтық әкімшілендіруді жетілдірудің 2010 — 2011 жылдарға арналған бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 375 қаулысымен, орындау мерзімдері 2010 - 2011 жылдар болатын «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2304 қаулысымен, сондай-ақ 2012 жылы орындау мерзімімен «2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жолымен көзделген;

жалпыға бірдей декларациялауды енгізудің әдістемелік негіздерін әзірлеу және оларды заңнамалық қамтамасыз ету бойынша міндеттерді іске асыру «Жалпыға бірдей декларациялауға көшу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Тұжырымдамасының жобасын әзірлеу жолымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі № 975 қаулысымен бекітілген

# Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| № | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 2010 жыл | | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасының азаматтары мен тұруға ықтиярхаты бар адамдардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялауға көшіру жөнінде ведомствоаралық жұмыс тобын (бұдан әрі — ВЖТ) құру | Премьер-Министр өкімі | Қаржымині | 2010 жылдың 2-жарты жылдығы |
| | Жалпыға бірдей декларациялауды қолдану бойынша әлемдік тәжірибені талдау және оны Қазақстан Республикасында қолдану бойынша, оның ішінде мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу:<br>жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде декларацияларды табыс ету бойынша міндеттеме таралатын адамдар тобы;<br>салық шегерімдері;<br>декларацияның мазмұны;<br>отбасылық декларация жасау;<br>кәмелетке толмағандар үшін декларацияны ата-анасының бірінің немесе қамқоршысының жасауы;<br>шағын бизнес және тауарларды базарда сататын адамдардың кірістеріне салық салу және әкімшілендіру;<br>декларацияны жасау және табыс ету бойынша көмек көрсету бағдарламалары;<br>декларацияларды қабылдау және оларды бастапқы өңдеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;<br>салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу жай-күйін есепке алу;<br>жеке тұлғалардың кірістері мен шығыстарын | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
